

ДИАБЕТ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ АУРУЛАРДЫҢ ТІЗІМІНЕН ШЫҒАРЫЛДЫ: ЕНДІ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Келер жылдан бастап қант диабетінің әлеуметтік маңызы бар аурулар тізімінен алынуы денсаулық сақтау саласындағы маңызды өзгеріс болмақ. Kazinform агенттігінің аналитикалық шолушысы өзекті мәселені мамандармен бірге талдап, өзгерістің ықтимал салдарын саралады.

Инсулинге тәуелді өмір: 535 мың адам диабетке шалдыққан

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, енді қант диабеті міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеті аясында қаралады. Бұған дейін мұндай шектеу болмаған.

Министрлік ресми түсініктемесінде өзгеріс науқастардың құқықтарын шектемейді деп сөндірді.

– Шешім пациенттердің әлеуметтік қорғалу деңгейін төмендетпейді.

Керісінше, қаржыландырудың тұрақтылығын арттырып, жаңа емдеу тәсілдерінің қолжетімділігін кеңейтеді, – делінген министрліктің хабарламасында.

Ведомствоның дерегінше, мемлекет бұрынғыдай балаларға, жүкті әйелдерге, зейнеткерлерге, студенттерге, мүгедектігі бар азаматтарға, жұмыссыздарға және созылмалы ауруы бар науқастарға тегін медициналық көмек көрсетуді жалғастырады.

Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының есебіне сәйкес, бір пациенттің амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуіне жылына орта есеппен 618 мың теңге жұмсалады.

Бұл – мемлекет шығыны. Ал азаматтар сақтандыру жарнасын төлеген жағдайда осы қызметтерді 10 есе арзан бағамен пайдалана алады. Мәселен, өзін өзі жұмыспен қамтып отырған адамдар сақтандыру жарнасы ретінде жылына 51 мың теңге төлеуі қажет. Мүгедектігі бар науқастар немесе жұмыссыздар үшін бұл соманы мемлекет төлейді. Егер диабетке шалдыққан адам бір мекемеде



қызмет ететін болса, ол үшін жұмыс беруші ақша аударып отырады. Ал ешқандай жеңілдік санатына кірмейтін өзін өзі жұмыспен қамтып отырған азаматтар жарнаны өз қалтасынан шығарады. Елде диабетке шалдыққандардың саны 535 мыңға жуықтады. Оның ішінде 504 456 адам немесе 95 пайызы екінші типті диабетпен тіркелген. Ал 30 577 адам бірінші типті диабетпен өмір сүреді, олардың 5 625-і – балалар. Бірінші типті диабетке шалдыққан адамдар өмір бойы инсулин қамылдауға мәжбүр. Сондықтан реформаның бұл бөлігі олардың өмір сапасына тікелей әсер етуі мүмкін.

– Министрлік 95 пайыз науқастың сақтандырылғанын айтты. Бірақ қалған 5 пайыз ша? Бұл шамамен 1600 адам. Сол адамдар инсулинсіз қалса, олардың тағдыры не болмақ? – дейді «Диабеттік ата-аналар комитеті» қоғамдық қорының директоры Руслан Зәкиев. **«Реформада әлеуметтік фактор ескерілмеді»** Р. Зәкиевтің айтуынша, министрлік тиісті өзгерістерді «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 196-бабына енгізген.

– Мемлекет реформа жүргізуге құқылы екені түсінікті. Бірақ ол халықтың өмірі мен денсаулығының есебінен болмауы керек. Диабетпен өмір сүретін адамдар қазірдің өзінде білім алу, жұмысқа орналасу және ем алу кезінде шектеулерге тап болып отыр. Оларды осы алаңдатады, – дейді ол. Қазақстандық қант диабетін зерттеу қоғамының басшысы Жанай Ақановтың пайымынша, тағы бір өзекті мәселе – кей науқастардың белгілі дәрілерге жеке төзімсіздігі. Мұндай адамдарға препараттар сауда атауы бойынша, яғни нақты өндірушіден сатып алынады.

Бұған дейін шығындар жергілікті бюджет есебінен өтелетін. Енді олар қатардан шығарылған соң әкімдіктер оны сатып ала алмайды.

– Министрлік шешім қабылдағанда әлеуметтік салдарға жеткілікті назар аудармады. Диабетті тізімнен алып тастау тек медициналық емес, әлеуметтік қолдау тетіктерін де азайтады. Мұндай реформаларды қоғам талқысынан асықпай өткізу қажет еді, – дейді диабетті зерттеу қорының президенті. **Қымбатшылық VS сұраныс:**

Диабетке арналған дәрілер жеткілікті ме?

Амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету тізімінен «Виктоза» мен «Трулисити» секілді глюкогонға ұқсас пептид-1 рецепторларының агонистері алынып тасталған. Руслан Зәкиевтің айтуынша, бұл дәрілерді Қазақстанда он мыңдаған диабетпен ауыратын науқас қабылдап келген. Олар үшін аталған дәрі жалғыз тиімді емдеу тәсілі болған көрінеді.

Өйткені препараттар гипогликемия (қандағы қант деңгейінің күрт төмендеуі - ред.) тудырмайды, салмақты төмендетуге көмектеседі, сондай-ақ инфаркт пен инсульттің алдын алады.

– Иә, бұл дәрілер қымбат. Бірақ олардың тиімділігі мен пайдасы әлдеқайда жоғары. Енді біз екінші типтегі қант диабеті бар науқастар арасында жүрек-қан тамыр ауруларының көбеюіне, соның салдарынан өлім-жітімнің артуына тап болуымыз мүмкін, – дейді Руслан Зәкиев.

Диабет – амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етудегі ең қымбат аурудың бірі. Оған барлық шығынның 26%-ы жұмсалып келген. Сондықтан

сарапшылар диабет мәселесімен айналысатын жеке формаларлық комиссия құруды ұсынып отыр.

«Науқастың жауапкершілігі маңызды»

Қазақстанда қант диабетінің таралуы алаңдатарлық деңгейге жетті. Сарапшылар дертті «жасырын індет» деп атап, алдын алу шараларын күшейту қажеттігін ескертеді. Астана медицина университеті Отбасылық медицина кафедрасының зерттеуші доценті, эндокринолог, PhD доктор Ақбаян Марқабаеваның айтуынша, қандағы қанттың жоғары деңгейі адам ағзасындағы барлық тамыр жүйесіне кері әсерін тигізеді.

– Глюкозотоксикалық әсер – бұл тамырларға жасалатын үздіксіз соққы.

Кез келген сәтте ол бүйрек жеткіліксіздігіне, көру қабілетінің жоғалуына немесе аяқ-қол ампутациясына алып келуі мүмкін. Қазақстанда күніне 100 адамға диабет деген диагноз қойылса, шамамен 5 адамға аяқ ампутациясы жасалады, – дейді дәрігер.

Маман диабеттің екі түрі бар екенін еске салады. Алғашқысы – идиопатиялық, себебі өлі толық анықталмаған. Екінші

типі – тұқым қуалайтын, көбінесе ол семіздік пен қозғалыс аздығының салдарынан туындайды.

– Қазір елімізде 2-типтегі диабет, яғни семіздікпен байланысты түрі жиі кездеседі. Алдын алу шаралары мен скринингті назардан тыс қалдырмау қажет. Сонымен қатар Қазақстанда эндокринологиялық институттың болмауы – шешімді қажет ететін өзекті мәселе, – дейді Ақбаян Марқабаева.

Медицина ғылымдарының кандидаты, нефролог Венера Алтынова да диабеттің ауыр салдарына назар аударды.

– Диабет асқынған жағдайда бүйрекке зақым келеді, мұндай науқастарға диализ қажет болады. Бір адамға мұндай ем 5 миллион теңгеге дейін шығын әкеледі. Сондықтан диабетпен күресте үнемдеу емес, алдын алу маңызды, – деді маман.

Ақбаян Марқабаева денсаулықты тек дәрі-дәрмекпен емес, өмір салты арқылы да сақтауға болатынын айтады.

– 2-типтегі диабетпен ауыратындардың өмір салты шешуші рөл атқарады. Дұрыс тамақтану, қозғалысты арттыру – басты қағидалар. Соңғы жылдары мемлекет диабетке қарсы дәрілерге жүздеген миллиард теңге жұмсады. Бірақ кей науқастар дәріні уақытылы қабылдамайды, кейде оның жарамдылық мерзімі өтіп, босқа кетіп жатады. Сондықтан азаматтардың жауапкершілігін арттыру керек. Диета сақтау, тәттіден бас тарту – ең қарапайым, бірақ ең тиімді алдын алу шарасы, – дейді эндокринолог.

Сарапшылардың айтуынша, диабеттің алдын алу оны емдеуден әлдеқайда тиімді. Дегенмен мемлекет дәрі-дәрмек пен емдеу шараларын қамтамасыз етіп отыр. Бірақ әр азамат денсаулығына жауапкершілікпен қарап, дұрыс тамақтанып, белсенді өмір салтын ұстанбаса, нәтиже көңіл көншітпеуі мүмкін.

Мәлдір СНАДИН,
kaz.inform.kz

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес аумақтық сайлау комиссияның мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2025 жылдың 13 қарашасынан бастап 28 қарашасына дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы етініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2025 жылдың 28 қарашаға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін. Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Аумақтық сайлау комиссиясының атауы	Комиссия құрамындағы бос орын саны
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы	1

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов территориальных избирательных комиссий. Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 13 ноября по 28 ноября 2025 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 28 ноября 2025 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул. Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Наименование территориальной избирательной комиссии	Число вакантных мест
Уилская районная территориальная избирательная комиссия	1

КӨЛІКТЕГІ ӨРТ (ӘЛ НӘРСЕДЕН БОЛАДЫ)

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ АВТОКӨЛІК — ТЕК КӨЛІК ҚҰРАЛЫ ЕМЕС, ОТБАСЫ МЕН АДАМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ДЕ ТІКЕЛЕЙ ӨСЕР ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ МҮЛІК. АЛАЙДА, ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ КӨБІ КӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ЖЕТКІЛІКТІ МӨН БЕРМЕЙДІ.



Статистика бойынша, жыл сайын автокөліктерде орын алатын өрт оқиғаларының басым бөлігі қарапайым сақтық шараларын сақтамаудан туындайды.

- АВТОКӨЛІК ӨРТІНІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ:**
- Электр сымдарының қысқа тұйықталуы;
 - Жанар-жағар май жүйесіндегі ақаулар;
 - Артық жүктемемен жұмыс істейтін жабдықтар;
 - Темекі шегу кезінде абайсыздық;
 - Қызған қозғалтқышқа тез тұтанатын сұйықтықтардың түсуі.

- АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР:**
1. Көлікті техникалық байқаудан уақтылы өткізіңіз.
 - Электр сымдарының, аккумулятор мен отын жүйесінің жағдайын жиі тексеріңіз.
 2. Өрт сөндіргіш құралын көлікте үнемі ұстаңыз.
 - Көлемі кемінде 2 кг болатын,

- жарамды мерзімі бар өрт сөндіргіш болуы тиіс.
3. Қосымша электр жабдықтарын орнатқанда тек мамандарға жүгініңіз.
 - Дұрыс жалғанбаған жабдық өртке себеп болады.
 4. Жанар-жағар майдың иісін байқасаңыз, көлікті бірден тексертіңіз.
 - Бұл жанар-жағар майдың ағып жатқанын білдіруі мүмкін.
 5. Қозғалтқыш қызып кеткен жағдайда көлікті тоқтатып, суығанын күтіңіз.
 - Ашық от көздерін пайдаланбаңыз.
 6. Темекі шегуді шектеу.
 - Көліктің салонында темекі шегу — жиі өрт себептерінің бірі.
- Есте сақтаңыз:** Көліктегі өрт — бір сәтте үлкен шығынға және адам өміріне қауіп төндіретін жағдай. Сондықтан әр жүргізуші өз көлігінің техникалық жай-күйін бақылауға және қауіпсіздік шараларын сақтауға міндетті.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

АНТИБИОТИКТЕРДІҢ «ӘСЕРІ» ҚАНДАУ?

Антибиотиктер — бұл бактериалық инфекцияларды емдеу үшін қолданылатын дәрілер. Дегенмен, кейде антибиотикалық емдеу жағымсыз жанама әсерге әкелуі мүмкін — диарея. Антибиотиктерге байланысты диарея жиі кездеседі. 5 және 25 пайыз ересектерде антибиотиктерді қабылдау кезінде диарея болуы мүмкін деп болжануда. Антибиотиктер диареяны тудыруы мүмкін бе? Иә, антибиотиктер диареяны тудыруы мүмкін. Неге? Антибиотиктер бактериялық жасушалардың өз жасушаларымыздан ерекшеленетін құрылымдары мен процестерінің артықшылығын пайдалана отырып, бактерияларға бағытталған.

Сонымен, антибиотиктер біздің жасушаларымызға зиян тигізбесе де, ішектеріңізде тұратын жақсы және жаман бактерияларды өлтіруі мүмкін. Барлық бактериялар зиянды емес. Сіздің ішектеріңізде өмір сүретін пайдалы бактериялардың көптеген түрлері бар. Бұл жақсы бактериялар ас қорыту процесіне көмектеседі және олар сіздің денсаулығыңызды сақтауда да рөл атқарады. Антибиотиктер бұл бактериялардың тепе-теңдігін бұзуы мүмкін. Жақсы бактерияларды жоюдың жанама әсерлерінің бірі, зиянды бактериялардан басқа, нәжістің бос болуы мүмкін. Жақсы бактериялар жасайтын тағы бір жұмыс — оппортунистік бактериялардың өсуін бақылауда ұстау.

Бұл бактериялар, мысалы,

Clostridium difficile егер жақсы бактериялар антибиотиктермен жойылса, олардың өсуіне рұқсат етілсе, инфекциялар тудыруы мүмкін. Зерттеулер бойынша 17,5 пайызға дейін сау адамдарда ішекте қабинауды тудыруы мүмкін, бұл диареяға әкеледі. Бұл сан ауруханалар сияқты денсаулық сақтау мекемелерінде өсуі мүмкін. Антибиотиктермен байланысты диарея антибиотиктерді қабылдау кезінде күніне үш немесе одан да көп рет сұйық, сұйық нәжістің болуы ретінде анықталады. Бұл антибиотиктерді қабылдағаннан кейін шамамен бір аптадан кейін басталуы мүмкін. Сонымен қатар, диарея емдеуді аяқтағаннан кейін бірнеше аптадан кейін де дамуы мүмкін.

- Егер сізде С инфекциясы бар болса, сізде көпесі белгілер болуы мүмкін:**
- іштің ауыруы немесе құрысулар;
 - төмен дәрежелі қызба;
 - аппетиттің төмендеуі;
 - жүректің айнуы.
- Барлық антибиотиктер диареяны тудыруы мүмкін болса да, кейбір түрлері жағдаймен тығыз байланысты. Неліктен бұл антибиотиктердің басқалармен салыстырғанда диареяны тудыруы мүмкін екендігі әлі толық анық емес. **Диареяны тудыру ықтималдығы жоғары антибиотиктерге мыналар жатады:**
- пенициллиндер, мысалы, ампициллин және амоксициллин;
 - цефалоспориндер, мысалы,

КҮЛ АУРУЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Күл (дифтерия) - коринебактериялар тобының Леффлер бактериясы ағзаның улану белгілерімен басталатын антропонозды, жедел тарайтын өте қауіпті жұқпалы ауру. Күл дертін бактериялардың токсигенді дақылдары туғызады. Қоздырғыш тек қана адамнан-адамға беріледі. Жұқпа көзі - тасымалдаушы мен науқас адамдар. Негізгі таралу жолы — ауа-тамшылы және тұрмыстық қатынас арқылы жұғады, ыдыс — аяқ, киім, ойыншықтар арқылы да жұғуы мүмкін. Дифтерия қоздырғышының ену қақпаларына жұтқыншақ, көмей, мұрын, көздің дәнекер қабығы, жара-ның үсті, тері т.б. шырышты қабаттар жатады.

Көбінесе жұқпаға жас балалар сезімтал келсе, соңғы жылдары ол ересектерде де байқалып жүр. Ауру әсіресе, күз-қыс мезгілдерінде аурушандық жиі кездеседі. Күл таяқшалары науқастың, бактерия тасы-малдаушының көмекейінің шырышты қабығында орналасып, жұқпаның ену қақпа-сында фибринозды қабыну барысында тіндерден қиын ажыратылатын дифтериялық қабықша түзіледі. Бактериялармен түзілетін экзотоксин қанға түсіп, нәтижесінде токсинемия дамиды. Осының салдарынан адам организмінде токсин миокард, бүйрек, бүйрек үсті жүйесінің жедел жетіспеушілігі, жүйке тіні зақымдалады, ол аурудың асқынуына әкеп соғады.

Қырылдауық жұқпасының бірнеше түрі бар. Соның ішінде қауіпті жағдай — көмекей дифтериясы. Жасырын кезеңі - 2-10 күн. Науқастың негізгі белгілері дене қызуының 39-40 градус С дейін көтерілуі, жұту кезінде жұтқыншақтың ауырсынуын сезіну, бадамша бездерінде қабықшаның пайда болуымен, лимфа түйіндерінің ұлғаюымен басталады. Ересек адамдарда

дифтерия лакунарлы баспа түрінде өтуі мүмкін. Кішкентай балаларда жиі көмекей мен мұрынға қоса патологиялық үрдіске жұтқыншақ қосылады. Көмекей ісінуінің салдарынан дифтериялық қарқылдау дамиды да, тыныс алу бұлшық еттерінің сал болуынан ауыр асқынулар асфиксия мен өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Науқастанғаннан кейін тұрақты антитоксикалық им-мунитет белсенділігі қалыптаса-ды. Жаңа туған нәрестелерде анасынан берілетін им-мунитет 5-6 айға дейін сақталады. Емделу жолдары им-мундық терапия дифтерияға қарсы антитоксиндік сарысуды жедел енгізу және антибиотиктермен емдеу жүргізіледі. Микробиологиялық зерттеу сынамаларына жабынды, көз, мұрын, жұтқыншақ, құлақ, уретра, жара т.б. ағзалардың бөліндісі алынады. Диагноз қою үшін жеделдетілген МФТ, молекулярлы генетикалық әдістер, бактериологиялық және серологиялық зерттеулер жүргізіліп анықталады. Бұл дерттің алдын алу үшін ең маңыздысы арнайы АДС, АВ-ҚДС вакциналарын үш айлық жастан бастап балаларға егу керек. Сонымен қатар ревакцинацияны ересек адамдар әр 10 жыл сайын алу қажет. Профилактикалық мақсатта жеке бас гигиенасын сақтау-да аса маңызды. Жоғарғы ты-ныс жолдарының қабыну ба-рысында бір реттік қорғаныс бетпердесін пайдаланыңыз. Им-мундық белсенділігіңіздің арттыру үшін жеміс-жидек, табиғи дәрумендерге бай тағамдармен тамақтаныңыз. Денсаулық кепілі — тәжірибелі арнайы медициналық маман-дардан кеңес алған дұрыс. Өзіңіздің және сабиіңіздің ден-саулығы өз қолыңызда!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР — ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН...



2025 жылы «JasAqtobe-2022» қоғамдық қоры Ақтөбе облысының білім басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында екі әлеуметтік маңызды жобаны жүзеге асыруда. Олар: «Жасөспірім және қауіпсіздік мәдениеті» әлеуметтік маңызды жобасы мен Жасөспірімдердің бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бағытындағы «Жас патриот» әлеуметтік маңызды жобасы. Аталған жобалардың басты мақсаты - жасөспірімдер арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, интернет алаяқтық пен киберқылмыстардың алдын алу, діни экстремизм мен терроризмнің зияны туралы түсіндіру, сондай-ақ ұлттық құндылықтар мен қазақстандық патриотизмді дәріптеу. Қазан айынан бастап Ақтөбе облысының аудандары мен қала мектептерінде ақпараттық-түсіндіру шаралары мен

еркін форматтағы мотива-циялық кездесулер өткізіліп келеді. Кездесулер барысында жасөспірімдерге интер-нет қауіпсіздігі, кибергигиена, төзімділік пен жауапкершілік, отансүйгіштік сияқты маңыз-ды тақырыптар кеңінен түсін-дірілуде.

Сонымен қатар, ұйымдастырылған шараларға оқушылар мен жастар белсенді қатысу-да. Жобалар жастардың бойында қауіпсіздік мәдениеті мен аза-маттық жауапкершілікті арт-тыруға, сонымен бірге ұлттық сана мен патриоттық сезімді күшейтуге бағытталған.

Еркеболат ТАҒАНОВ,
Ақтөбе облыстық білім басқармасының екі әле-уметтік жобасы бойынша жоба координаторы, "Jas Aqtobe-2022" қоғамдық қоры-ның ресми өкілі, жастармен жұмыс жөніндегі маман, «Сы-байлас жемқорлыққа қарсы» мәдениет лекторы.

ҚАРАСАН ҚАУІПТІ АУРУ!

Мүйізді ірі қараның қарасан ауруы қазіргі уақытта облысымыздың бір қатар ауданда-рында бой көтеруде, ішінара біздің де ауданымызда кез-десіп отыр. Қарасан негізінен ірі қараның жіті өтетін, бұлшық еттерінің ісініп, оны басып көр-генде сықырлайтын ісіктердің жедел пайда болуымен, мал-дың ақсау белгілерімен сипат-талапты қатерлі ауру. Ауруға негізінен 3 айдан 4 жасқа дей-інгі ірі қара малдары ауырады, сиректеу қой мен ешкі де бей-ім келеді.

Қарасан қоздырғышының споралары сыртқы әсерлерге төзімді. Өлекселерде спора-лар 3 айға дейін, көнде 6 айға дейін, су тоғандарда 10 жыл-дан астам сақталады. Тікелей күн сәулелері спораларды 24 сағаттан кейін, спораларға 3%-ды формалин ертіңдісі, 3% -ды фенол, 6%-ды натрий гидро тотығы ерітінділері тез өлтіреді. Қарасанмен көбі-не 3 айдан 4 жасқа дейінгі ірі қара малы, ұсақ мүйізді мал-дар ауырады. Жануарлардың ауру жұқтыруы қарасан қозды-рғышының *Cl.chauvovei* спора-лары мен ластанған азықтар мен суларды ішкен кезде жиірек байқалады.

Қарасан ауруының клиника-лық белгілері: топалаң (сібір жарасы) ауруының клиника-сына ұқсас келеді. Ауруға ба-лауды аурудың клиникалық көрінісінің мәліметтері мен алынған патологиялық ма-териалды бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері не-гізінде қойылады. Өздерінің тіршілік ету барысында бакте-риялар анағұрлым мөлшерде

газдар түзіп, бұл процесс ет арасы ткандерін ісіріп (кар-бункул), пальпациясы кезінде крепитациялық дыбыс пайда болуына себепші болады. Ау-рудың жіті түрінде дене тем-пературасы 41-42 градуска көтеріледі, бұлшық еттері көп жерде (мойын, көкірек, жақ асты, жамбас және сауыр ет-тері) ісінеді, бас кезінде тығыз, ыстық аурушан, басқанда (крепитация) қытырлаған ды-быс естіледі, кейін ісік салқын-дап, сезімталдығы жойылады, сол жердің терісі күрең қызыл түсті некрозға айналады. Ре-гионарлық бездері ұлғайып, жамбас, сауыр және т.б. ет-тері ісініп, жүрісінде ақсаңда-уы байқалады.

Бұл аурумен ауырып жа-зылған жануарлар тұрақты им-мунитет түзетеді. Ересек жануарлар ауруға бейімді емес.

Ауданымыздың әр округтер-дегі ветеринариялық пункт меңгерушілері қарасан ау-руына қарсы иммунизацияға 3 айдан 5 жасқа дейінгі ірі қара малдарды, уақытында бірдейлендіру жүргізіп, халық арасында түсінік жұмыстарын өткізіп, уақытында алдын алу іс-шаралары вакцинациялау жүргізуі тиіс. Қолайсыз жерде тұрақты түрде жасалып тұруы шарт. Емдеуге тетрациклин қатарындағы антибиотиктер пайдаланылады. Ауырып өл-ген мал анықталса, өлексесі өртеледі де, жатқан жердің то-пырағы дезинфекцияланады.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

ҮШ АУЫЛДЫҢ ҮМІТІ

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ Ш.БЕРСИЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ҚАРАТАЛ, ҚАРАСУ, ҚҰМЖАРҒАН АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРҒА ЖЕКЕ-ЖЕКЕ ТОҚТАЛЫП, АУДАННЫҢ ЖӨНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ ӨР САЛАДАҒЫ ӨСІМ ДЕҢГЕЙІМЕН ТАНЫСТЫРЫП ӨТТІ.



Аудан әкімінің әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған және алдағы жоспарларын тыңдаған ауыл тұрғындары жергілікті жердегі бірқатар өзекті сұрақтарын

қойып, ұсыныстарын білдірді. Қаратал ауылының тұрғындар тарапынан орталықпен қа- тынайтын жол мәселесі, қысқы мал азығын даярлау сынды бірқатар мәселелер қойылса,

Құмжарған ауылында жеке шаруа қожалықтарының ауыл- дық округтің жайылымдық жерлерін тарылуына себеп болуы, газ мәселесі, үй бойынша тұрғындардан өтініштер келіп түсті. Қарасу ауылында жұмыс мәселесі, су және газ мәселелері қысқа дайындық жұмыстары талқыланды. Аудан басшысы Асқар Қазыбаев ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

КӨПТОҒАЙДЫҢ МӘСЕЛЕСІ - КӨТЕРМЕ ЖОЛ

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ, ШҰБАРШИ, ҚАРАСУ, АМАН-КЕЛДІ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ОКРУГТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР, КҮН ТӨРТІБІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ.



Ауылдық елді мекендерге қатысты бірқатар маңызды мәселелерге тоқталып, ауылдың даму жолында жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті. Көптоғай ауылдық округіне қарасты ауылдық елді-мекендер тұрғындары тарапынан көтерме жолдарды қалпына

келтіру, қыс мезгіліндегі жол қатынасына жағдай жасау, көктемгі су тасқыны салдарынан жарамсыз болған бөгеттерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын жандандыру, газ мәселесі сынды өзгеде өзекті мәселелер көтерілді. Аудан басшысы Асқар Қазыбаев ауыл тұрғындарының

өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

«БЕСКЕ ДЕЙІН ҮЛГЕРУ»: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕГЕ ЖАҢА СЕРПІН

БҮГІНДЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ДАМУДА ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТҚА АЙНАЛДЫ. ОСЫ ОРАЙДА АТА-АНАЛАР МЕН ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН «БЕСКЕ ДЕЙІН ҮЛГЕРУ» АТТЫ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША ІСКЕ ҚОСЫЛЫП, РЕСПУБЛИКА КӨЛЕМІНДЕ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ҚОЛДАНЫЛЫП КЕЛЕДІ.



Аталған қосымша Thrive by Five халықаралық бағдарламасы негізінде әзірленіп, нейробиологиялық зерттеулердің ғылыми мәліметтеріне сүйені отырып жасалған. Бұл оның мазмұнының тиімділігі мен практикалық құндылығын арттыра түседі. Қосымшада балалардың денсаулығы, дұрыс тамақтануы, даму дағдылары мен ата-анамен өзара әре-

кеті бойынша пайдалы және түсінікті ақпараттар берілген. Ойыл ауданында 20 консультациялық пункт осы қосымшаны ата-аналарға таныстырып, жүйелі түрде қолжетімді етуде. Пункттер арқылы ата-аналар тәулік бойы әдістемелік және психологиялық кеңес алып, отбасындағы тәрбие процесін сауатты жүргізуге мүмкіндік алуда.

Бұл жоба ата-ана мен балалар арасындағы байланысты күшейтіп қана қоймай, мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына, отбасындағы салауатты және үйлесімді атмосфераны қалыптастыруға елеулі үлес қосып отыр.

Райхан СЕНҒАЛИЕВА,
Ойыл ауданының білім бөлімінің әдіскері.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ

БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ҰЛТТЫҚ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БЕРУДЕ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ»: ЖАҢАША КӨЗҚАРАСТАР МЕН ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ» АТТЫ АУДАНДЫҚ СЕМИНАР-ТРЕНИНГІ ӨТТІ.



Семинар бүгінгі таңдағы ең өзекті тақырыпты қозғап, ауыл кітапханашыларына тәрбие мен ақпараттың орталығы - балалар кітапханасының жас ұрпаққа ұлттық рухани тәрбие берудің жаңаша бағыттарын ұсына отырып, тәжірибеге алудың жаңа формаларын ұсынды. Ұлттық біртұтас тәрбиенің бастауында - ұлттық құндылықтар соның ішінде, ұлттық сана басты фактор боп саналады. Ұлы ойшыл, ғұлама Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың хас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген ұстанымы қай қоғамда да өзінің мәнін жойған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласында Түркі елінің қара шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа төн қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей отыра, Әділетті Қазақстанды құру үшін бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін, ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін, халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиесілі екендігін нақты атап өтті.

Осы орайда Балалар кітапханасы тәрбиенің өзегі - кітап оқытудың алғашқы баспалдағын қалыптастыратын мәдени-рухани орталық. Кітап оқуды бала жасынан дағдыға айналдырмаған баладан рухани кемелденген тұлға күтудің өзі артық екені баршамызға аян жәйт. Семинар-тренингті аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Г. Жеткергенқызы ашып, семинар-кеңеске сәттілік тіледі. Семинар –тренингті аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Г. Аманжолқызы «Ұлттық сананы қалыптастыруда балалар кітапханасы жетекші және маңызды орталық» атты баяндамасын ортаға салды. Ұлттық тәрбиенің бастауы отбасынан басталатыны белгілі, осы орайда отбасы құндылықтары - ана тәрбиесімен өрбитінін негізге алған «Әжелер мектебі» атты клубтың

тұсауы кесіліп, оған ауданымызда қоғамдық істердің басында жүретін бірнеше ана мүшелікке қабылданып, кітапхана атынан «Киіз үй» кәде сыйы табысталды. Семинар –тренингтің мазмұнын терең ашу үшін «Ұлттық тәрбие - тал бесіктен» атты мюзикл-қойылым ұсынылып, оның өне бойы баланы кітап оқуға неше жастан бастап жетектеген дұрыс деген сауалға жауап іздеу арқылы өрбиді. «Менің алғашқы кітабым - Ертегі» тақырыбында «Балдырған» бала-бақшасының «Ұр тоқпақ» ертегісі желісімен ертегі оқиғасы сахналанды. Ертегі оқып, кітапқа қызыққан баланың келесі оқитын кітабы - шағын әңгіме, повесть болатыны, ол үшін балаларға қандай әдебиеттер ұсынылуы керектігі экран арқылы баяндала отырып, жазушы О. Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесі желісімен көрініс көрсетілді.

Бұл екі шығарманың да тандалуының өзіндік мәні бар... Біртұтас тәрбие негізі - қоғамға адал азамат тәрбиелеу көзделсе, ұсынылған екі шығарма – балаларды адал болуға, ешқашан өтірік айтпауға, біреуге қиянат жасамауға, шыншылдық пен адалдық адам бойындағы кемел қасиет екенін ұғындырады. Қойылым барысында өлең оқу үшін - Ұлы Абайдың 180 жылдығы жыр-мұшайрасындағы жүлдегер өлеңдер тандалып, оны Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылары нақышына келтіре оқып шықты. Ата-балаларымыз ұлын ұлықты, қызын қылықты қып өсіру үшін, баланың ой-қиялын дамытып отырған.

Ол түрлі ойындармен өрбиді. Қойылымды Ойыл аудандық балалар музыка мектебі «Алақай» кіші және үлкен балалар хоры көрнекті сазгер Е. Хасанғалиевтің «Айым болып тудың ба?» әнімен қорытындылады. Семинар-тренингті Ойыл қазақ орта мектебінің психологы Т.Сиябаева жалғастырып, келген қонақтар мен әріптестерге сергіту сәтін ұсынып, тамаша көңіл-күй сыйлады. Сонымен бірге балалар кітапханасының библиографы А. Мәуленова «Ерекше балалармен жұмыс істедің инновациялық түрлері» атты

баяндамасын ортаға салып, кітапхана жанындағы «Шапағат» ерекше балалар клубының іс-тәжірибесін ұсынды. Кітапханашыларға балалар кітапханасының балалармен ұйымдастырып отырған қызметтерінің ақпараттық жаднамалары арнайы әзірленіп, папка түрінде таратылды. Осы семинар-тренингке арнайы қонақ ретінде шақырылған аудандық маслихат төрағасы С. Займолдин мен «Балдырған» балабақшасының меңгерушісі А.Қаржауқызы бүгінгі семинардың ауыл кітапханашылары үшін берер тәжірибесінің мол болғанын атап өтті. Семинар-тренинг соңы аудандық балалар кітапханасымен тығыз жұмыс жасап отырған ұжымдарды, ата-аналарды және ауылдық кітапханашыларды марапаттаумен аяқталды.

Семинардың көрнекілік шарасы ретінде «Ана тілі аруы-2025» байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты - ұлттық тәрбиеге үлес қосу, сұлулық пен инабаттылықтың символы - қыз балалардың ана тіліне деген құрметін арттыру, рухани әлемінің көркем түрде дамуына ықпал ету. Байқауға ауыл мектептері мен аудан басындағы мектептерден 9 үміткер бақ сынасты. Төрт турды қамтыған байқаудың ішінде ұлттық құндылықтарға байланысты сұрақты өрбіту арқылы тіл дилмәрлығы, көркем туынды насихаттау сынды салмақты бөлімдер ұсынылды.

Әділқазы алқасының шешімімен Соркөл орта мектебінің оқушысы Ө. Досбаева «Ана тілі аруы-2025» номинациясын иеленсе, бірінші жүлделі орын Ш. Берсиев атындағы мектептің оқушысы Инжу Есқалиға бұйырды. Ал, екінші жүлделі орынды Ойыл қазақ орта мектебінің оқушысы Айсұл Жұмабай еншілессе, үшінші жүлделі орынды Ө. Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің оқушысы Дильназ Серікқали иеленді.

Сонымен қатар басқа да қатысушылар мен жеңімпаздарға аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі атынан бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Гүлайым АМАНЖОЛҚЫЗЫ,
Ойыл аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

